АЛАЯҚТАР АЙМАҚ ТАҢДАМАЙДЫ

2-бет

УӘКІЛ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ КЕҢЕС БЕРЕДІ

4-бет

ХАС СҰЛУДЫҢ ЖАЗЫҒЫ НЕ?

8-бет

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№93 (3624) 8 желтоқсан 2023

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДЕМОКРАТИЯ - ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТІҢ ӨЛШЕМІ ЕМЕС

9 желтоқсан – Халықаралық жемқорлықпен күрес күні. Мемлекет пен халықтың қаржысын талан-таражға салушылар қай дәуірде, қай елде болмасын қоғам өкілдері үшін ең көкейкесті мәселе болды. Бұл туралы ғұламалар қаншама еңбектер жазып, одан сақтанудың түрлі жолдарын ұсынса да, жемқорлықты түбегейлі жоя алған жоқ. Байлық пен атақ-даңқ үшін билікке таласып, өзгелерге шапқыншылық жасап, ата-анасын, бауырларын, туыс-туғанын құрбан еткен билеушілер барлық елдің тарихында аз емес.

(Соңы 3-бетте)

МӘСЕЛЕ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШТЫҚТЫ ГЕНОЦИД ДЕУГЕ НЕ КЕДЕРГІ?

9 желтоқсанда әлем елдері Халықаралық геноцид құрбандарын еске алу, оларға құрмет көрсету және осы қылмыстың алдын алу күнін атап өтеді.

Оны 2015 жылдың қыркүйегінде БҰҰ Бас Ассамблеясы Арменияның бастамасы бойынша белгілеген еді. БҰҰ-ның бұл күнді таңдап алу себебі 1948 жылы 9 желтоқсанда Бас Ассамблеяның 260 (III) қарарымен Геноцид қылмысының алдын алу және оны жазалау туралы конвенциясы қабылданған болатын. Еліміз оған тәуелсіздік алғаннан соң, араға 7 жыл салып 1998 жылы қосылды. Нақты айтқанда «Қазақстан Республикасының Геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау туралы конвенцияға қосылуы туралы» қарар 1998 жылы 29 маусымда қабылданып, ол 24 қарашада күшіне енді.

Конвенция бойынша геноцид – халықаралық құқықтар нормасын бұзатын және БҰҰ-ның қасиеті мен мақсатына қайшы келетін қылмыс болып табылады. Оның бірнеше жыл бойы адамзатқа үлкен шығын келтіргенін мойындады. Адамзатты осындай бақытсыздықтан арылту үшін халықаралық ынтымақтастықтың қажет екендігіне көз жеткізе отырып, келісуші тараптар төменде көрсетілгендерге мәміле жасады: геноцидтің бейбіт немесе соғыс кезеңінде жасалғанына қарамастан халықаралық құқық нормасын бұзатын қылмыс болып табылатынын растайды және оған қарсы алдын алу шараларын және қылмыс жасалғанда оған жаза қолдануға міндеттеледі (I бап). Конвенцияда геноцид ұғымымен қандай да бір ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топтарды толықтай немесе ішінара жою пиғылымен жасалған келесі әрекеттер түсіндіріледі: a) осы топ мүшелерін өлтіру; b) осы топ мүшелерінің денесін жарақаттау немесе осы топ мүшелерінің ақыл-ойына зиян келтіру; c) қандай да бір топ үшін оны толықтай немесе ішінара жоюға жағдай туғызу; d) осындай топ арасында бала тууды болдырмау шаралары; e) адамдардың бір тобынан екінші топқа балаларды күштеп беру (III бап).

(Соңы 3-бетте)

ТҮЙТКІЛ

ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУҒА ЗАҢ ӘЛСІЗ

Қазақстанда ақпараттық қауіпсіздікке қауіп төндіру оқиғалары 34,7% пайызға өскен. 2022 жылғы 11 айда 16654 оқиға орын алса, биылғы 11 айда 22440 оқиға тіркелген. Статистиканы Ұлттық компьютерлік инциденттерге әрекет ету орталығы KZ-CERT беріп отыр.

Десе де, былтыр ақпарат және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысты бар болғаны 142 қылмыстық іс тіркелді. Оның 8-і ғана сотқа жеткен. 40 қылмыстық іс мерзімінің өтуіне немесе қылмыс белгісінің болмауына байланысты және т.б. себептер бойынша тоқтатылды. Тағы 46 қылмыс ашылмаған деп танылып, жабылды. Ал құқық қорғау органының аталмыш мәселеде дәйектердің жеткіліксіздігі, күдіктілерді анықтау мүмкіндігінің аздығы қолбайлау болып отыр. Мамандар мәселе кибергигиенаның жоқтығынан және жеке деректі кез келген субьектілердің негізсіз жинауынан орын алуда деген пікірде. Мысалы азық-түлік дүкені және т.б. сауда орындарында тауарды қайтару процесінде жеке куәліктің көшірмесі сұралады. Бұл процестің мотиві белгісіз, өйткені құжат көшірмесін жинаудың мұндайда еш қажеті жоқ. Оның үстіне, бұл деректердің қалай өңделіп, сақталып жатқаны да белгісіз.

Елімізде көбіне жеке және заңды тұлғалардың іс жүргізуде пираттық бағдарламаны пайдаланатынын ескерсек, дерек жинаған субьектінің қысастық ойы болмаса да, деректерді сақтау кезінде оның қауіпсіздігіне ешкім жауап бере алмайды. Естеріңізде болса, Telegram мессенджеріндегі ботта қазақстандықтардың деректері тараған еді. Ал ол деректердің қашан және қалай қолды болғанын ешкім білмейді. Құзырлы органдар ағымдағы оқиғаға қатысты, бот деректері белгілі бір мемлекеттік ақпараттық жүйеден алынғаны жайлы немесе жүйені бұзу орын алғаны туралы ақпарат жоқ дейді. Десе де бұндай боттар әдетте, азаматтардың жеке деректерін Telegram, Facebook, WhatsApp, Одноклассники және т.б. сияқты онлайн платформалардың ашық сервистерінен жинайтынын жеткізеді. Бұл тұжырымды тауарлар мен қызметтерді жеткізуге арналған жалпыға қолжетімді көздерде немесе қызметтерде көптеген ақпаратты халықтың өзі өз қолымен беретінімен түсіндіріледі. Осы тұста даудың басы деректерді жинауға қатысты заңнаманың әлсіздігі мен оны бақылайтын арнайы органның жоқтығынан шығып отырғанын түсінуге болады.

Заңдағы түзетулер

Түйткілді Мемлекет басшысы да байқады. Биылғы жолдауында Қазақстанды «IT» мемлекетке айналдыру маңызды стратегиялық міндет екенін айта келе, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесінің маңыздылығын алға тартқан еді. Артынша Парламенттің бір топ депутаты мәселеге қатысты заңға түзетулер әзірлеп, Сенатқа күні кеше бекіттіріп те алды.

Ұсынылған заң жобасы үш блоктан тұрады. Бірінші блок жеке деректерді қорғаудың қосымша шараларына арналған. Заң жобасы деректердің айналымы мен сақталуы саласында мемлекеттік бақылауды енгізеді. Сонымен қатар, бұл жеке деректерді пайдаланатын субьектілермен профилактикалық жұмысты жолға қоюға мүмкіндік береді. Олардың әрқайсысы жеке деректердің жарияланып кетуі туралы ақпарат анықталған сәттен бастап 3 күн ішінде реттеушіге хабарлауы керек. Яғни, енді сіздің жеке мәліметтеріңіз қолды болғаны анықталса, ол туралы реттеуші орган электронды үкімет порталы және 1414 SMS хабарламасы арқылы хабарлайтын болады. Және мәселеге қатысты іс жұмысын жүргізуге міндеттеледі.

Екінші блокта «ақ хакерлер» институтын және баг-баунти платформасының қазақстандық аналогының жұмысын құқықтық реттеу ұсынылды. Баг-баунти жүйесі әлемдік IT саласында елеулі орын алады. Онда компания не мемлекеттік орган арнайы хакерлерді шақырып, ұсынылған бағдарламаны бұзуға рұқсат береді. Және сол арқылы өз бағдарламаларының әлсіз тұстарын екшеп алады.

(Соңы 2-бетте)

ТҮЙТКІЛ

ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУҒА ЗАҢ ӘЛСІЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл шара енді елімізде тұрақтылықты бағалау, ақпараттық жүйелердегі қателер мен олқылықтарды анықтау үшін ақпараттық қауіпсіздіктің білікті мамандарын тартуға көмектеседі.

Жобаның үшінші блогы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Мемлекеттік техникалық қызметі жанынан Мемлекеттік ақпараттық қауіпсіздік орталығын құруға арналған. Сонымен қатар, мемлекеттік техникалық қызмет базасында бағдарламалық қамтамасыз етудің бастапқы кодтары репозиторийі құрылатын болады. Осылайша, ұсынылып отырған шаралар кешені мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің қауіпсіздігін күшейтеді. Жалпы электрондық үкіметтің тұрақтылығын арттырады.

Құжаттардың қағаз көшірмелерін жинауға тыйым салынды

Осы толықтыруда «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңның 7-бабы 10-тармақпен толықтырылды. «Мемлекеттік органдардың және мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттандыру объектілерімен интеграциялану болмаған, технологиялық құралдарды пайдаланып субъектіні сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда жеке басты куәландыратын құжаттардың көшірмесін қағаз жеткізгіште жинауға, өңдеуге тыйым салынады», – делінген құжатта.

Жалпы жеке басты куәландыратын құжаттардың қағаз көшірмесін жинауға тыйым салу жеке деректерді заңсыз жинау және өңдеуді, олардың сыртқа шығу жағдайын азайтатыны анық. Қазіргі уақытта қонақүйлер немесе көптеген дүкендер тауарларды қайтару кезінде сәйкестендіру құжатының көшірмесін талап етеді, дегенмен мұндай әрекеттің негізділігі түсініксіз. Тыйым қабылданғаннан кейін бұл әрекеттер енді заңсыз болып табылады. Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнаманың сақталуын бақылау Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес «жоспардан тыс» тексеру нысанында жүзеге асырылатынын да қоса кеткіміз келеді.

Жаза қатаңдай ма?

Қазіргі уақытта Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 641-бабында жеке деректерді заңсыз жинау немесе өңдеу, оның ішінде жеке деректерді таратқаны үшін субъектінің түрі мен санатына қарай 10-нан 1000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде әкімшілік айыппұл салу көзделген. Әрине, бұл өте аз сома. Өйткені деректердің қолды болғанынан орын алатын зиян одан да көп. Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева мәселеге қатысты жақын арада заңнамаға өзгерту енгізу арқылы айыппұлды көбейтуді ұсынатындарын жеткізді. «Айыппұл сомасының аздығы жайлы сұрақ көп қойылады. Дегенмен әрбір жаңа талап кәсіпкерлік субъектілерге елеулі әсер етеді. Мұны өлшеп, ескеру керек. Тағы бір маңызды сәт. Жазалау үшін кімді және не үшін екенін анық түсініп алу керек. Соңғы екі жылда осы сұрақтарға жауап беру үшін заңнамалық тұрғыда елеулі жұмыстар атқарылып келеді», – дейді депутат.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

СОТ СӨЙЛЕСІН

Алматы – ірі мегаполис. Мүмкіндіктер қаласы болғандықтан, Алматыны пана тұтып, тіршілік жасаудың сәтті мекені санайтындар аз емес. Бірақ, сол мүмкіндікті әртүрлі мақсатта пайдаланатындар жетерлік. Содан болар, Алматы біреудің табысқа жетудегі баспалдағы болса, біреудің барынан айырылып, бармағын тістеген орнына айналды. Әсіресе, Алматы кәсіптің, өндірістің орталығы болғандықтан, бұл қаланың халқына алаяқтар да үйір. Себебі, қазір алаяқтар жер таңдамайды.

АЛАЯҚТАР АЙМАҚ ТАҢДАМАЙДЫ

Бұрын адамдардың сеніміне кіру үшін алаяқтар етене қарым-қатынас жасап, жылы сөйлеп, жанындағы адамның жинағанын қалтасына басу үшін барын салатын. Ал интернет-алаяқтар смартфон мен компьютер экранының ар жағында отырып-ақ талай жәбірленушіні зар қақсатып жатыр. Жаңа технология жетістігін меңгерген қылмыскерлер өзге қаладан, басқа елден, тіпті түзеу мекемесінен хабарласып, діттеген ойына жетуде. Сот тәжірибесіне көз салсақ, интернет-алаяқтар көбінесе арам ойын веб-сайттар арқылы жүзеге асырады. Осылайша олар түрлі сайттарға, әлеуметтік желілерге арзан бағада тауар жеткізетінін айтып хабарландыру береді. Жеңіл табыс, қолайлы бағаны көргендер сақтықты ұмытып елп ете қалады. Сөйтіп өзі танымайтын, шынайы деректеріне көз жеткізбеген бөтен адамның айтқан шотына ақшаны аударады. Ақша түскенше қайта-қайта қоңырау шалып, ойлануына мүмкіндік бермей дегбірін алған алаяқпен байланыс ақша аударылған сәттен тоқтайды. Сөйтіп не ойындағы тауарын алып, не ақшасын қайтара алмағандар бүгінде полицияның есігін тоздырып жүр.

Заманауи технологияның тілін жақсы білетіндер кез келген адамның әлеуметтік желідегі парақшасын бұзып, ақша сұрай алатынын да байқауға болады. Кейінгі кезде бөтен парақшаны бұзып, ондағы адамның достарына жіберілетін мәтін біреу: «Мен өте қиын жағдайға тап болдым» деп жанашырлықты оята отырып ақшалы болу. Бірде полицияға түсіп қалдым, енді бірде ауруханада хал үстінде жатырмын деуі мүмкін. Тіпті, карточкам блокталып қалды, қазір дүкеннен шыға салып қайта аударамын деп өзге номерге ақша аударуды сұрайтындар да бар. Танысының қиын жағдайға тап болғанын оқыған соң кейбіреулер бірден сұраған қаржысын аударады. Ақпаратты тексермей көмек көрсететіндер осылайша алыстағы алаяқты бір сәтте байытқандарын кеш түсінеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарында алаяқтардан сақтану жолдары, құқықтық сауатты көтеретін материалдар тұрақты жарияланып, көрсетіліп тұрады. Алайда, содан сабақ алып жатқандар аз. Мұның басты себебі, азаматтар тым сенгіш. Әсіресе, халықтың қайырымдылық жасауға, көмек көрсетуге дайын тұратынын алаяқтар да жақсы пайдаланып келеді.

Салымшылардың миллиондаған қаржысын айналымға салып отырған банк саласында да интернет-алаяқтық көбеюде. Олар салымшыларға өздерін банктің қауіпсіздік қызметінің қызметкері ретінде таныстырып, клиенттерге шоттарында күдікті операциялар немесе жүйенің сол сәтте дұрыс жұмыс жасамай тұрғанын хабарлайды. Сенімге кіргеннен кейін ақшаны жалған шотқа аударуды ұсынады немесе банк картасының толық дерегін алдап алып, шоттағы барлық ақшаны иеленіп кетеді. Осы әдіспен де соңғы уақытта талай адам алаяқтардың құрбанына айналып, бүкіл жиған-тергенінен айырылды.

Мұндай қателіктерге болашақта жол бермеу үшін құқықтық сауатты көтеру, қылмыстың алдын алу бағытындағы іс-шаралар кешенді түрде жүргізілуі тиіс. Құқық қорғау органдары қылмысты ашып қоймай, халықпен кездесулер ұйымдастырып, алаяқтарға алданбаудың тетігін түсіндіруі тиіс. Банк карточкасындағы құпия мәліметтерді ешкімге бермей, құзырлы органдар мен банк тарапынан хабарласқандарға күдікпен қарап, ақпаратты тексеру маңызды. «Сіз ұттыңыз, үй, көлік алдыңыз!» деген хабарламаның да артында алаяқтар тұратынын ұмытпаған жөн. Сонымен бірге, тауарларға тапсырыс берерде сенімді, арнайы тіркелген, құжатын ашық көрсететін танымал сайттарға хабарласқан дұрыс.

Біздің елімізде алаяқтық қылмыстар Қылмыстық кодекстің 190-бабымен қаралады. Бұл бапта алаяқтарға жасаған қылмысы үшін жаза реті көрсетілген. Дегенмен, әрекетін алдын ала ойластырып жасайтын алаяқтар қылмыстық жолмен тапқан табысын өз атына тіркемей, туыс-туғандарының атына жазатыны байқалады. Соның кесірінен көп жағдайда жәбірленушілер шығыны қайтарылмай жатады. Сондықтан, алдағы уақытта алаяқтардың жақындары алған жылжымайтын, жылжитын мүліктің, банк жинақтарының тарихын тексеріп, жәбірленушілер шығынын қайтарудың заңды тетігін жасаған абзал.

Қайрат ИМАНҚҰЛОВ,
Алмалы аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ҚҰҚЫҢА ҚҰЛАҚ САЛ

Алқабилердің қатысумен сот ісін жүргізудің мақсаты төрелік алаңына халық өкілдерін тарту. Осы арқылы үкім шығарудың ұтымды да тиімді жолын қарастыру, сотқа деген сенімді нығайту, халықаралық үрдістерден тыс қалмау көзделіп отыр. Алқабилер институты дамыған елдердің көпшілігінде өзінің маңыздылығын дәлелдеп үлгерген. Біздің елімізде бұл институтты қалыптастыруға деген алғашқы қадам 2006 жылы «Алқабилер туралы» заңның қабылдануынан бастау алады.

АЛҚАБИ БОЛУ – ЖАУАПТЫ ІС

2007 жылдан бастап тәжірибеге енгізілген заңның 13-бабында алқаби болатын тұлғаның құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ, шектеулер көрсетілген. Сотта төрелік ету құқығына ие болған халық өкілдерінің ақыл-есінің дұрыстығына, бұрын сотты болмауына, сотта ісі қаралатын адаммен туыстық байланысының болмауына мән беріледі. Бұл сот алаңында таразыланатын істің әділдігі, туралығы үшін керек.

Алқаби ретінде таңдалған адам өзіне жүктелген жауаптылықты толық сезінгені жөн. Өйткені, оған судьямен қатар істі таразылап, әділ үкім шығару міндеті жүктеліп отыр. Сондықтан, алқаби заңдағы өз құзыретін пайдалана отырып сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге; процеске қатысушыларға төрағалық етуші арқылы сұрақтар қоюға; заттай дәлелдемелерді, құжаттарды тексеріп қарауға, сот отырысы кезінде жазбалар жасауға құқылы. Бұған қоса, Алқаби сот отырысында тәртіп сақтауға және төрағалық етушінің заңды өкімдеріне бағынуға; сот талқылауын жалғастыру үшін сот көрсеткен уақытта келуге; сотқа келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, төрағалық етушіге келмеуінің себептерін алдын ала хабарлауға міндетті.

Сот барысында өзіне белгілі болған мәліметтерді жария еткен, құпияны сақтамаған, сот отырысына уақытында келмеген алқабилер Қазақстан Республикасының заңына сай жауаптылыққа тартылады. Сондықтан, алқаби болған азаматтар міндеті мен жауаптылықты да естен шығармағандары абзал.

А.ШАЯХМЕТОВА,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

ОҢ ҚАДАМ

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАП ЖАРЫСАЙЫҚ!

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – жаңа істердің, ілкімді жобалардың жаршысы. Бұған дейін қара шаңырақта қызмет ететін оқытушылар мен студенттер бірігіп талай қайырымдылық шаралардың бел ортасында жүрген еді.

Бір кездері Қызылағаш халқы тоспа жарылып, ауылға қарай екпіндей жеткен ессіз судан зардап шеккені ел есінде шығар. Талай адам көз жұмып, талай баспана бұзылған осы кезде университет ұжымы да көпшіліктен қалмай, қайырымдылықтың бел ортасында жүрген болатын. Кейіннен мақтааралдық тұрғындар көршілес елдің су тоспасының жарылуынан қызыл судың астында қалып, баспанасы бүлініп, материалдық шығынға батқанда да ҚазҰУ-дың тату ұжымы қаржылай да, заттай да көмек көрсетті. Көмекке зәру көпшіліктің бір шетіне шығуға тырысты. Білім ордаларындағы мұндай игілікті шаралар ұжымды ғана ұйытып қоймайды, сонымен бірге студенттердің де тәлім-тәрбиесіне оң әсерін тигізіп, жастарды жақсы іске бағыттауға көмектеседі. Ұстаздарының қиналғандарға қол ұшын созып, қысылғандарды демегенін көріп өскен шәкірттердің өнегелі шараны қайталайтыны шүбәсіз.

Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасының Жаһандық хабына төртінші мерзім қатарынан басшылық етеді. Бұл – тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруға үлкен үлес қосып отырған жетекші қазақстандық университеттің табысты қызметінің халықаралық жоғары деңгейде мойындалуының дәлелі. іске асыру шеңберінде халықтың неғұрлым осал топтарына – мүгедектерге және мүмкіндіктері шектеулі адамдарға нақты қолдау көрсету мақсатында кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы «Жақсылық жасап жарысайық» іс-шарасын өткізді. Іс-шараны ұйымдастыруға кафедра меңгерушісі, профессор Гүлдана Қуаналиева, аға оқытушылар А.Есекеева және М.Үмбетовтер бастама көтерді. Заң факультетінің студенттері мен оқытушылары Халықаралық мүгедектер күніне орай қолға алынған акция барысында мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау үшін қаражат жинады.

Роза ЕРЕЖЕПҚЫЗЫ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДЕМОКРАТИЯ - ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТІҢ ӨЛШЕМІ ЕМЕС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Олардың кейбірі өз қылмысын бүркемелесе, екіншілері ашық түрде жасады. Сондықтан әлі күнге дейін біреулер қаһарман санайтын тұлғалар, екіншілер диктатор, үшіншілер басқыншы санайды. Сондықтан адамзат тарихында олардың бұл әрекетіне әлемдік қауымдастық тарапынан да, жеке елдердің билік органдары тарапынан да лайықты баға берілмей отыр. Сол себепті де, сыбайластық пен жемқорлықтың тамырына балта шабатындай тиімді құралды ешкім таба алған жоқ. Оны ауыздықтауда заң да дәрменсіз. Өйткені, барлық елдің заңнамасында алаяқтық, жемқорлық, ұрлық – ауыр қылмыс саналғанымен, оның жазасы әркелкі. Біреулер оларды жасаған қылмысына қарай соттап, түрмеге қамау арқылы азайтамыз десе, екіншілері көпшілік алдында саусағын, қолын кесіп, дарға асу арқылы мәселені шешуге болады деп санайды. Үшіншілері, жемқорлардың дүние-мүлкін тәркілеп, мемлекетке, жеке адамға келтірген шығынын толық немесе артығымен өтеген жағдайда, қызметіне белгілі бір шектеулер қою арқылы кешірім жасағанды жөн көруде. Соның нәтижесінде өз елінде заңсыз жолмен тапқан табысын өзге елдерде заңдастырып, жазадан сытылып кетушілер әлі аз емес.

Зерттеушілер Transparency International сияқты ұйымдардың мәліметтерін негізге ала отырып сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті төрт санатқа бөліп отыр. Біріншісі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті табысты жүргізіп отырған елдер. Екіншісі, сыбайлас жемқорлық орташа деңгейдегі елдер. Үшінші, сыбайлас жемқорлықпен өте келелі мәселелері бар елдер. Төртіншісі, сыбайлас жемқорлық айрықша байқалатын елдер. Өйткені, демократияның көрсеткіштері елдегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейін толық ашып көрсете алмайды. Себебі, зайырлылықты мемлекет пен діни сенім бостандығының арасындағы айырмашылықтан іздеушілердің келтіретін уәжі дәлелденген жоқ. Сыбайлас жемқорлықты ең демократиялы деп саналатын дамыған елдер де әлі толықтай жоя алмауда. Мәселен, мемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықтың жаһандық көрсеткіші саналатын Transparency International ұйымының Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша Қазақстан былтыр 180 елдің ішінде – 101 орын алды. Дания, Финляндия, Жаңа Зеландия, Норвегия, Сингапур бастаған тізімде көршілес және Еуразиялық экономикалық одақтағы серіктестерімізден Армения – 63, Қытай – 65, Беларусь – 91, Өзбекстан – 126, Ресей –137, Қырғызстан –140, Иран –147, Тәжікстан –150, Әзірбайжан –157, Түрікменстан 167 орыннан көрінді. Онда алдыңғы жылғы көрсеткішін Қытай, Қырғызстан, Иран, Түрікменстан сақтап қалса, Армения, Ресей, Қазақстан, Тәжікстан, Әзірбайжанның көрсеткіші төмендеп, тек Өзбекстанның көрсеткіші жоғарылағанын байқауға болады.

Әлемнің өзге мемлекеттері секілді Қазақстанда да сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі саналады. Бұл бағытта 1998 жылғы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылданған болатын. Еліміз 2003 жылғы 31 қазандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялап, 2004 жылы Жемқорлықпен күрес бойынша Стамбұл әрекет жоспарының қатысушысына айналды. Сондай-ақ 2015 жылғы 18 қарашада «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» жаңа заң қабылданып, «ҚР 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы», «ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы» және оны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің генерал-майоры Асхат Жұмағали төрағалық ететін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі. ҚР Президентіне тікелей бағынады және есеп береді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша азаматтар сыбайлас жемқорлық көріністеріне барынша жиі ұшырайтын – кеден ісі, құрылыс, білім беру және денсаулық сақтау салаларында жүйелі негіздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша кешенді жоспар бекітілді. Мысалы, кеден саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері лауазымды тұлғалардың банк шоттарынан тыйым салуларды жедел алу, есептілікке түзетулер енгізу, жүк таситын автокөлік құралдарын кедендік тіркеуден кедергісіз өту, әкімшілік жауаптылыққа тартпау, жалпы қамқорлық жасау және басқалар үшін заңсыз сыйақылар алу мүмкіндігімен байланысты. Құрылыс саласындағы сыбайлас жемқорлық көріністері: кемшіліктері және шалағайлықтары бар жобалау-сметалық құжаттаманы пайдаланумен; іс жүзінде орындалмаған жұмыс түрлері үшін бюджет қаражатының аударылуымен; объектінің ағымдағы, орташа жөнделуі немесе құрылысы бойынша қызметтер көрсетуге өткізілетін мемлекеттік сатып алу туралы шарттарының жылдың соңында жасалуымен; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін лицензиялау кезінде маңызды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын кемшіліктердің бар болуымен үйлестірілген. Білім беру саласында сыбайлас жемқорлық еңбек мәселелерін шешу және мемлекеттік сатып алу шарттарын жасасу кезінде парақорлықпен және бюджет қаражатын жымқырумен байланысты. Егер 2022 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндамаға көз жүгіртер болсақ 2022 жылы барлық құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар 1 724 сыбайлас жемқорлық қылмысты тіркеген. 2021 жылы оның саны – 1 557 болған еді. Ал ең көп таралған сыбайлас жемқорлық қылмыстарына тоқталар болсақ пара беру былтыр 549-дан 568-ге; алаяқтық 160-тан 311-ге өссе; пара алу 449-дан 446-ға; лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану 123-тен 110-ға; сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемдену немесе ысырап ету 116-дан 87-ге төмендеген. Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін 725 адам сотталды (2021 жылы 892 адам). Олардың ішінде: ішкі істер органдарының қызметкерлері – 187 (207), әкімдік қызметкерлері – 143 (145), әкімдер – 7 (5), Қаржы министрлігі – 40 (34), Ауыл шаруашылығы министрлігі – 18 (19), Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі – 14 (5), Денсаулық сақтау министрлігі – 5 (16), Төтенше жағдайлар министрлігі – 5 (5), экономикалық тергеу қызметі – 5 (4), прокуратура – 5 (3), сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет – 5 (2) адам, судьялар – 2 (3) және де басқа тұлғалар болды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет 1118 сыбайлас жемқорлық қылмысты тіркеп, 1016 адам әшкереленді. Сотқа дейінгі аяқталған тергеулер бойынша өтелген залал сомасы 108 млрд теңгені құрады. Агенттік бұдан бөлек, 653 млрд теңгеге жуық сомадағы мүліктік активтер мен ақшалай қаражатты қайтаруды қамтамасыз етті.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Азаматхан ӘМІРТАЙ, ***«Baytaq» жасылдар партиясының төрағасы:***

– Қазақстандағы жемқорлықтың негізін қалап отырған – олигархтар. Олар бірбірімен таныстық, туыстық қатынаста осындай іс-әрекет жасайды. Сондықтан жемқорлықпен күрес жүргізу үшін ең бірінші идеологиялық жұмыс жүргізуіміз қажет. Жемқорлықтың біздің дамуымызды қаншалықты тежейтінін түсіндіруіміз керек елге. Бұл болашаққа апат әкелетін індет.

Жемқорды өз үйінде ұрлық жасаған адам деп есептеуге болады. Бізде қай саланы алсақ та жемқорлық өршіп тұр. Сондықтан жемқорлықпен айналысқан адамдарға ату жазасын беру керек қой. Сол кезде қалғаны бірден қояды. Егер 1-2 әкімге, 1-2 министрге ату жазасын беретін болса елдегі жемқорлық та бірден азаяр еді. Сондай-ақ, шындықты айта алатын саяси партиялардың Парламентке өтуіне мүмкіндік беру де жемқорлыққа тежеу бола алары анық.

Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА, ***ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты:***

– Сыбайлас жемқорлық – қоғамымызды құртып, балаларымыздың болашағына кері әсерін тигізетін күрделі мәселе. Бұл біздің білім беру жүйеміздің тұтастығы мен әділдігіне нұқсан келтіреді, сондықтан онымен күресу біздің басты міндетіміз.

Білім – ұлт болып дамуымыздың негізі. Білім саласындағы қаржылық заң бұзушылықтарды болдырмаудың бірінші қадамы – ашық және есеп беретін жүйе құру. Білім берудің барлық саласында және барлық құрылымында ашықтықты қамтамасыз ететін қатаң ережелер мен тәртіп әзірлеу қажет. Жемқорлық мүмкіндігін болдырмас үшін қазынашылық барлық қаржылық транзакциялардың құжаттарына тексеру жүргізу міндетін қосу және қаржы операцияларының қолжетімділігін арттыру керек. Оқу жылында 2 рет желілер туралы, контингент туралы және білім беру ұйымдарының штаты туралы есепті қайтадан жандандыру керек. Бухгалтерлік есеп жүргізетін ұлттық платформасын әзірлеу қажет және оны барлық еңбек, білім платформаларымен, оның ішінде НОБД ұлттық мәліметтер базасымен біріктіріп, интеграциялау өзекті.

Екінші маңызды аспект – білім беру жүйесінде ашықтық принципі негізінде ұстаздарымыздың арасында этикалық нормалар мен құндылықтарды нығайту арқылы сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру қажет, онда әрбір тәрбиеші, әрбір ұстаз және әкімші сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі өз рөлінің маңыздылығын түсінетін болады. Бұған білім беру бағдарламалары, этикалық тәрбие және сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін қатаң жаза қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

Үшінші фактор – қоғамдық бақылауды енгізу және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, үкімет, білім беру мекемелері және жалпы қоғам арасындағы ынтымақтастықты құру. Азаматтар сыбайлас жемқорлық істерін бақылауға және хабарлауға, қорғауды қамтамасыз етуге белсенді қатысуы керек.

Білім беру саласындағы қаржылық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында келесі ұсыныстарды ұсынғым келеді: бақылау және қадағалау тетіктерін күшейту. Білім беру ұйымдарында қаржылық операцияларды бақылаудың тиімді жүйелерін құру. Бұған тұрақты ішкі және сыртқы аудиттер, қаржылық транзакциялар үшін қосарлы қол қою жүйесі және қаржылық операцияларды қадағалауға және тексеруге жауапты тәуелсіз комитеттерді немесе органдарды құру.

Қаржылық операциялардың ашықтығы: Оқу-ағарту министрлігі жергілікті атқарушы билік органдарына жолданатын трансферттердің, барлық қаржылық операцияларының ашықтығын қамтамасыз етуі керек. Қаржы министрлігі осы арада 1С бухгалтериясының ұлттық жаңа платформасын әзірлеп, оның НОБД базасымен интеграциясын қамтамасыз етуі, соның негізінде әкімдіктер қаржылық операцияларды цифрландыру арқылы шығыстар мен кірістер туралы есептерді жариялау, бюджет пен қаражаттың пайдаланылуы туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету және халықтың қаржылық құжаттармен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуі қажет.

Жауапкершілікті арттыру: қаржылық қызметкерлердің штатын көбейту, айлық жалақысын көбейту, білім саласындағы заң бұзушылығына жол берген қаржы және есеп қызметкерлеріне лицензия немесе одан әрі жұмыс жасауын тоқтататын механизмді енгізу. Білім басқарамалары жанынан аудит бөлімін құру, бірақ соған қарамастан жылына 1 рет мемлекеттік аудит өткізуді заңмен бекіту. Білім беру және әкімшілік-басқару персонал қаржылық менеджмент ережелері мен рәсімдеріне, сондай-ақ бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің салдары туралы онлайн семинарларын өткізу. Осы тақырып бойынша тұрақты тренингтер мен семинарлар қызметкерлерге тиімді қаржылық басқару дағдыларын дамытуға және адалдық пен жауапкершіліктің маңыздылығын түсінуге көмектеседі.

Электрондық есепке алу жүйелерін енгізу: заманауи ақпараттық технологиялар мен электрондық есеп жүйелерін енгізу қаржылық процестерді автоматтандыруға және жеңілдетуге, сондай-ақ айла-шарғы жасау мен алаяқтық мүмкіндігін азайтуға көмектеседі. Ол нақты уақыт режимінде шығындарыңыз бен кірістеріңізді дәлірек бақылауға мүмкіндік береді.

Қоғамдық бақылауды күшейту: білім беру ұйымдарындағы қаржылық операцияларды қадағалау процесіне ата-аналарды, студенттерді және қоғам өкілдерін белсенді тарту маңызды. Қаржы қызметі бойынша ашық форумдар, кері байланыс және есептер ұйымдастыру.

Басқармаларда аудиторлық бөлім, мектептерде заңгер, білім бөлімдеріне смета жасаушы штатын енгізу шарт.

Күрделі жөндеу жұмыстарының сапасыз болуы білім саласында ПСД-ға бақылау жасайтын кәсіби маман болмауынан. Аудандық, қалалық білім бөлімдеріндегі бухгалтер, экономист мемлекеттік қызметші болуы керек, қазіргі таңда олар азаматтық қызметшілер. Жауапкершілікті күшейту үшін өзекті қадам.

Е. КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШТЫҚТЫ ГЕНОЦИД ДЕУГЕ НЕ КЕДЕРГІ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал VIII бап бойынша конвенцияның әрбір қатысушысы БҰҰ Жарғысының ережелеріне сәйкес геноцид актісінің немесе 3-бапта көрсетілген әрекеттердің біреуінің алдын алу және бұлтартпау мақсатындағы барлық қажетті шараларды қолдану талабымен БҰҰ-ның тиісті органына жүгіне алады. Яғни, Қазақстан халқының бір деректерде үштен бірінің, енді біреулерінде үштен екісінің жойылуы мен өзге елдерге босып кетуіне себепкер болған 1920–1930 жылдардағы аштық пен қуғын-сүргінді геноцид деп жариялауға бізде негіз бар. Алайда әзірге бұл бағытта Үкімет тарапынан да, азаматтық қоғам ұйымдары тарапынан да нақты ұсыныс пен бастаманы көре алмай жүрміз. Оның себебін Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» қорының президенті, филология ғылымдарының докторы Ғарифолла Әнес елдегі идеологиялық саясаттан іздеуді ұсынып отыр. Қоғам қайраткерінің айтуынша, аштық пен репрессия құрбандарының саны әлі күнге дейін нақтыланбаған. Сондықтан олардың санын әркім әртүрлі көрсетіп жүр. Шынтуайтында олардың саны бұдан әлдеқайда көп. Оны зерттеушілер архив деректері бойынша дәлелдеген. Өкінішке қарай, билік кеңестік дәуірдегі қолдан жасалған аштықтан өлгендер мен репрессия

құрбандары тұрмақ, статистикалық санақтардың есебін толық жариялай алмай жүр.

«Біз 6 млн қазақ аштықтан қырылды десек, сол кезде қазақ бар-жоғы 6-ақ млн болған. Ол қалай қырылады дейді. Біз репрессия жылдары Қырғызстанда атылған қазақтарды, Моңғолияда атылған қазақтарды жеке-жеке кітап етіп басып шығардық. Енді Ресейдің 10 облысындағы атылған қазақтарды кітап қылып шығарғалы жатырмыз. Сонда олардың барлығы санаққа кірмей тұр ғой. Сондықтан ең бірінші қазақтың санын анықтау керек. Мәселен, Украинаның Жоғарғы Радасы 2006 жылы 1932–1934 жылдары аштан қырылған 4 млн-ға жуық украинға қатысты КСРО билігінің әрекетін геноцид деп айыптайтын заң қабылдады. Біздегі аштық құрбандарының саны одан әлдеқайда көп болса да, билік мұндай қадам жасай алмады. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның мүшесімін. Ананы ақтаймыз, мынаны ақтаймыз дейді. Біз бәрін түгел ақтау керек дейміз. Мысалы, көршілес Өзбекстан бір қаулымен ғана басмашы деп айыпталғанның бәрін түгел ақтап алды», – дейді Ғ.Әнес.

Шынында да БҰҰ деңгейінде геноцид деп мойындалған қасіретті оқиғалар тізіміне көз жүгірткен жан ондағы мәселе тек құрбандардың санында ғана емес екенін оңай аңғарады. Сол себепті белгілі бір халықтың қолдан ұйымдастырылған аштық пен репрессия арқылы белгілі бір кезеңде мыңдап емес, миллиондап қырылуына себепкер болған Кеңес одағының бұл қылмысын әлемге әшкерелеу бүгінгі Қазақстан билігі үшін де, оның азаматтық қоғам өкілдері үшін де болашақ ұрпақ алдындағы өтелмеген бір парызы боп қалып отыр. Оны жүзеге асыру бүгін болмаса да, алдағы күннің басты міндеті.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КИЕ

БОЛАШАҚ – ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Біздің басты мәселе – заңмен белгіленген мәртебесі бар мемлекеттік тіл қазақ тілінің Қазақстан аумағындағы, оның қоғам өмірінің барлық салаларындағы қолданысын қамтамасыз ету.

Бұл мақсатқа біз үстемдікпен, әкімшілік жолмен емес, тілдік қақтығыстарға жол бермейтін мақсатты, сауатты да табанды тіл саясатын жүргізу арқылы ғана қол жеткіземіз.

Әлемде қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде өмір сүретін, қызмет ететін бір ғана ел бар, ол – Қазақстан. Ал Қазақстанның мемлекеттік тіл саясатының дұрыс жүргізілуі бұл елдігіміздің, ұлттық дамуымыздың, болашағымыздың белгісі.

Қазақ тілі – қазақтың бүгіні мен болашағы, ұлтымыздың тағдыры, мемлекеттілігіміздің түп қазығы, ел ертеңі екендігі дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Тарихи өлшем тұрғысынан жас мемлекет саналатын Қазақстанда, мемлекеттік тілдің заңды мәртебесін қалпына келтіруге баршамыз мейлінше мүдделіміз. Еліміздің Ата Заңында биліктің қайнар көзі халық деп атап көрсетілсе, сол халықтың біртұтастығын сақтайтын тілі ғана.

Мемлекеттік тілдің сот жүйесінде қолданысын қалыптастыру аса маңызды. Сот жүйесіндегі мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруде мемлекеттік қызметшілерге жүктелетін міндет зор. Қазіргі таңда мемлекеттік тілді білуге талап күннен-күнге жоғарылап келеді.

Батыс Қазақстан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында құжаттардың мемлекеттік тілде сапалы дайындалуына үнемі назар аударылып отырады.

Бүгінде ішкі құжат айналымындағы жұмыстарды ұйымдастыру мемлекеттік тілде жүргізіліп, ол бойынша құжат әзірлеу (өкімдер, жедел кеңес хаттамалары, семинар, дөңгелек үстел хаттамалары, ұсыныстар, қызметтік хаттар, анықтамалар және т.б.) мемлекеттік тілде орындалуда және мемлекеттік тілді қолдану мәселелеріне байланысты түрлі іс-шараларды ұйымдастырып өткізу жүйелі жолға қойылған.

«Кеңсе тілі қазақша болмай, іс оңалмайды», – деп Сәкен Сейфуллин ағамыз кеңес дәуірі кезінде-ақ айтып кеткен. Сондықтан, кез келген мекеменің беделін арттыру үшін кеңсе қызметінің дұрыс ұйымдастырылуы мен кеңседен жіберілетін құжаттардың сауатты болуы басты шарт.

Шынар ТУНГАТАРОВА,
Батыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің басшысы

ӘДЕП

УӘКІЛ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ КЕҢЕС БЕРЕДІ

Қазір әрбір мемлекеттік органда Әдеп жөніндегі уәкіл институты енгізілген.

Әдеп жөніндегі уәкіл – қызметтік әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз ету мен мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы және мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексін бұзуға жол бермеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер мен азаматтар өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілерге кеңес беретін мемлекеттік қызметші.

Түрлі себептерге байланысты (негізгі қызмет саласындағы жүктемесі, жұмыс тәжірибесінің аздығы, заңгерлік білімінің болмауы, заңнаманың үнемі өзгеріп отыруы және т.б.) азаматтардың да, мемлекеттік қызметшілердің де мемлекеттік қызмет саласында болып жатқан өзгерістердің мәнін жан-жақты түсінуге мүмкіндігі бола бермейді. Нәтижесінде шешім қабылдауда және өз құқықтарын қорғауда қиындықтар туындайды. Осы және мемлекеттік қызметшілердің қызмет барысында туындайтын басқа да жағдайларды шешу үшін Әдеп жөніндегі уәкіл институты құрылды.

Оның негізгі функцияларының бірі – мемлекеттік қызметшілерге консультативтік көмек көрсету. Мұндай көмек мемлекеттік қызмет және мемлекеттік қызметшілердің этикасы туралы заңнаманың кез келген мәселелері бойынша көрсетілуі мүмкін. Өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша консультациялар жүргізілуі мүмкін. Консультациялық көмек жеке қабылдау немесе әңгімелесу кезінде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметкер болып табылмайтын үшінші тұлғалар (жеке және заңды тұлғалар) да Әдеп жөніндегі уәкілге хабарласа алады.

Әдеп жөніндегі уәкіл мемлекеттік қызметшілерге ашықтық, әділдік, тұтынушыларға назар аудару, адалдық және әдептілік сияқты мемлекеттік қызметтің әдеп қағидаттарын түсіндіру бойынша тұрақты негізде жұмыс істейді.

Кәсіби әдеп нормаларының сақталуын, сондай-ақ ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін бақылау мақсатында кемінде жарты жылда бір рет бекітілген нысанда анонимді сауалнама жүргізіледі, оның нәтижелері мен талдауы Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне және оның аумақтық департаменттеріне жіберіледі.

Департаменттің мемлекеттік қызметшілері іссапарға шыққанда және тексеру іс-шараларын жүргізген кезде азаматтардың алдында олар өкілдері болып табылатын мемлекеттік органдардың қадір-қасиеті мен беделіне нұқсан келтіретін әрекеттердің жасалуына жол бермеу, заңда белгіленген шектеулерді сақтау бойынша нұсқаулықтар береді.

Қоғамның құқықтық мәдениетін, тұрғындарға көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қалыптастыру үшін Қостанай облысы Әділет департаментінің ресми интернет-ресурсында және Instagram желісіндегі ресми парақшасында апта сайын қызметкерлермен әділет органдарының қызметі, қолданыстағы заңнамадағы ағымдағы өзгерістер туралы негізгі аспектілерді талқылайтын тікелей эфирлер жүргізіледі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және Әдеп кодексін түсіндіру бойынша материалдар жарияланады.

Динара СӘРСЕБЕКОВА,
Қостанай облысы Әділет департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкілі

БІЛГЕН ЖӨН

Қоғамдық қатынастарға нәтижелі және мақсатты құқықтық ықпал етуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мемлекеттік саясатты іске асырудың негізгі құралы – шығармашылық қызмет.

НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР ХАЛЫҚ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙДЫ

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу әділет органдарының негізгі міндеттерінің бірі. НҚА мемлекеттік тіркеу институты 1993 жылы құрылған. НҚА мемлекеттік тіркеу олардың күшіне енуінің қажетті шарты. Тіркелмеген актілердің заңды күші жоқ.

Әділет органдары НҚА-ның қолданыстағы заңнамаға сәйкестігіне заңдық сараптама жүргізеді, ондағы негізгі мақсат – азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделеріне қысым жасауға жол бермеу.

2016 жылғы 6 сәуірде қабылданған «Құқықтық актілер туралы» заңы нормашығармашылық процесін реттейді.

ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы №1093 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» қаулысымен Әділет министрлігінің мемлекеттік басқарудағы жергілікті органдардың НҚА мемлекеттік тіркеу функциясы аумақтық әділет органдарына берілді. Осыған орай, ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік басқарудағы жергілікті органдар НҚА-ны мемлекеттік тіркеуге Әділет департаментіне жіберіледі. Ағымдағы жылдың өткен кезеңінде Әділет департаменті жергілікті мемлекеттік органның 155 НҚА-сын тіркеді.

НҚА заңға тәуелді актілердің заңдылығын, сондай-ақ Қазақстанның құқықтық кеңістігінің бірлігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Әділет органдарында тіркелген НҚА-мен әрбір азамат Қазақстан Республикасының НҚА эталондық бақылау банкі арқылы таныса алады.

Сайран КАНТАРБАЕВА,
Ақмола облысы Әділет департаменті Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу бөлімінің басшысы

ТҮЙТКІЛ

«BAIQA, PIRAMIDA» АЗАМАТТАРДЫ АЛДАНУДАН САҚТАЙДЫ

Қазақстанда жыл сайын мыңдаған азамат қаржы пирамидаларының құрбаны болған, оларға миллиардтаған залал келтірілген.

Ірілі-ұсақты қаржы пирамидалары жыл сайын халықты алдап, ақшасынан айырып жатыр. Өкініштісі, бұдан сабақ алып отырған адам аз. Келер жылы да жаңа «пирамидалар» пайда болып, олардан халқымыз тағы зардап шегіп жатса, таң қалуға болмайды. Өйткені, қаржылық сауаты төмен адамдар көп. Заманауи пирамидалардың өмір сүру ұзақтығы ұйымдастыру көлеміне және бағдарламаларға байланысты. Көлемі мен ерекшелігіне байланысты, оны 3 күннен 16 жылға дейін жүзеге асыра алады. Мысалы, пирамида түріндегі әйгілі Madoff Investment Securities инвестициялық компаниясы 48 жылға созылды (1960-2008).

Қазіргі уақыттағы алаяқтар мен қаржы пирамидаларын ұйымдастырушылар – жай ғана «шақырушылар» емес, олар – IT-технологиялар саласындағы білікті мамандар, жақсы психологтар мен адамдардың эмоцияларын басқара алатын шешен адамдар. Қазіргі кезде қаржы пирамидаларын құруда әлеуметтік желілер мен мессенджерлер маңызды рөл атқарады.

Қаржы пирамидасын ұйымдастырушылар компаниялар құрады және оларға аса жоғары табыс табуға болатындығына сендіріп, аңғал адамдарды тартады. Өткен ғасырлардағы сияқты мұндай пирамиданың да схемасы – қаражатты жаңадан келгендер есебінен төлеу. Біраз пайда тапқан алғашқы салымшылар өздерінің орасан зор пайдаға қол жеткізгені туралы «қуанышты» жаңалығымен бөліседі және оған өз туыстарын, достарын және таныстарын тарту арқылы аталған жобаны интернетте белсенді түрде жарнамалайды. Кейде мұндай компаниялар клиенттерге пайыздардан бөлек жаңадан тартылған қатысушылар үшін сыйақы төлейді. Бірақ бұл компаниялардың қызметін желілік маркетингпен шатастыруға болмайды. Желілік маркетингте де қатысқан адамдар үшін белгілі бір пайыздар төлейді, бірақ оның негізінде өнім болады, сол өнімді сатқаны үшін дистрибьюторлық желінің қатысушылары нақты пайда табады, ал қаржы пирамидасы салымшылардың ақшасына негізделеді.

Әрбір адам өз ақылына сеніп, қаржы пирамидаларының келесі белгілерін үнемі есте ұстағаны жөн:

• Қатысушыларға аз уақыт ішінде немесе жүйелі түрде түсіп отыратын ақылға қонымсыз көп мөлшердегі кірісті уәде етеді. Мысалы, «салған ақшаңды екі есе етіп қайтарасың», «айына 30-40-50 пайыз кіріс кіреді» сынды жалған уәделер;

• Алғашқы жарна ретінде мол қаражатты сұрайды (кейде аз болуы да мүмкін). Ақша салу барысында нақты өнім, тауар болмайды немесе ұсынылып отырған тауар бағасы оның өзіндік құнынан бірнеше есе қымбат болады;

• Негізгі түсім жаңа салымшылардың салған ақшасынан түседі және төлемдер де адам тартуына қарай төленеді;

• Ұйымның нақты қызметі түсініксіз, бірақ, қаржы, инвестиция саласымен байланысты болады.

• Жарнама тым белсенді жасалады, үгіт-насихат үшін маркетингтік көптеген тәсілдер қолданылады;

• Ұйым атауында, символикасы мен жарнамасында нарықта бар танымал банктер, микроқаржылық ұйымдар, ломбардтармен ұқсастық болады;

• Ұйым сайты кәсіби емес, жарнамалық мақсаттағы арзанқол деңгейде болады. Сайтта жарғылық құжаттар, басшылық туралы ақпарат толық берілмейді.

Ал «Қаржылық пирамида ұйымдар салымшыларын қалай арбайды және адамдар оларға қалай алданады?» деген сұраққа келсек:

• Ресми органнан алған құжатпен сендіреді. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС) ретінде заңды тіркелген ұйымының құжатын көрсетеді. Бұл құжат, әдетте, ұйым кеңсесінде ілулі тұрады. Алайда, елімізде заңды тұлғаны тіркеудің www.egov.kz сайты арқылы 5-10 минутта жүзеге асатынын көпшілік білмейді. Білсе де, оған негізгі құжат ретінде сенеді;

• Салымнан мол табыс тапқан, шетелге саяхаттаған, қымбат көлік не өзге бұйымдарға қол жеткізген жандардың нақты мысалымен иландырады. Адамдар бейсаналы түрде олардың орнына өзін қойып көріп, көңілі ауады. Өзгенің сынын қабылдамай, керісінше, басқаларды үгіттей бастайды;

• Адамдардың әлсіз тұстарын дөп басады. Материалдық еркіндік, сұлулық, салмақ тастау, кәсіп ашу, өзіңді жетілдіру, өзіңе сенімді күшейту және осы секілді басқа да бүгінгі заманғы трендтегі құндылықтарды ұсынады. Осылайша, салымшылардың басын айналдырып, қосымша кеңес, тренингтер жүргізеді. Әлеуметтік желі арқылы жарнама жасайды;

• Ең қымбат капитал – сенімді қолданады. Насихатшылар бейтаныс адамдарды тартпайды, өз ортасынан жаңа мүшелер іздейді. Адамдардың туыстығын, беделін, достығын, сезімін ортаға салады.

Қаржылық пирамидалардың Қазақстанда өркен жаюына елімізде қаржылық институттар мен құралдардың қажетті деңгейде жетілмеуі және халықтың қаржылық сауатының төмендігі себеп. Алданған адамдардың қаржылық пирамидаларға салған қаражатының көлеміне қарасақ, оларда артық ақша барын аңғаруға болады. Олар қаражатын инвестициялауға дайын. Бірақ, адал инвестициялық ұйымдар мен нақты өндірістік жобалар жоқ.

Айта кететін жағдай, IT-технологиялардың дамуымен қаржы пирамидалармен күресу жолдары мен амалдары дамып келе жатыр. Мәселен, ҚР Қаржылық мониторинг агенттігінің «Baiqa, piramida» Телеграм-боты сайтты, компанияны немесе жобаны қаржылық пирамида қызметінің белгілері бар-жоғын тексеруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қаржылық мониторинг агенттігімен әзірленген Телеграм мессенджеріндегі бот азаматтарға қаржылық пирамидаларға тартатын алаяқтардың әрекеттерінен қорғануға көмектеседі.

Бағлан ҚАЛЖАНОВ,
Ақтөбе қаласы №2 сотының бас маманы

АРНАУ

ҰРПАҒЫҢ ҰМЫТПАЙДЫ ЕРЛІГІҢДІ

Соғыста батыр, билікте әділ болған судья И.Батыршаевқа

Биыл Ұлы Отан соғысының ардагері, «Қызыл жұлдыз» ордені мен он медальдің иегері Изатулла Рахматуллаұлы Батыршаевтың дүниеге келгеніне 100 жыл толды. Ағамыз 1950 жылы Ташкенттегі Заң институтын бітірген соң Шымкент қалалық, облыстық партия комитеттерінде жауапты қызметтер атқарды. 1958 жылы облыстық соттың судьясы, 1967-87 жылдары Шымкент облыстық соты төрағасының орынбасары болып қызмет етті. Майданда батыр, билікте талапшыл басшы болған атпал азамат И.Батыршаев әділдігімен оңтүстік өңірінің мақтанышына айналған. Тау тұлға туралы жазған жырымды оқырманның назарына ұсынып отырмын.

Иә, онда қырық бірдің жазы еді,
Астық піскен, аспанымыз таза еді.
Шымқалада өскен Изатулланың,
Жалын шағы өтіп жатқан әдемі.

Естіп-білді Батыстағы соғысты,
Жедел түрде Воронежге жол түсті.
Байланысшы училищесін тәмамдап,
Изатулла сарбаз болып, толысты.

Түн түнеріп, арқа-басты мұздатты,
Қаһарланып, қабағына мұз қатты.
Байланысшы болу деген – өз алды,
Командир боп, бастап шықты взводты.

Майдан шебі батырларды таңдады,
Алға ұмтылу, өзге мақсат болмады!
Изатулла асқан шебер әдіспен,
Байланыстың сымын еппен жалғады!

Қырық бестің сәуір айы ішінде,
Әуе күші мінген еді күшіне!
Арпалысты биік аспан көгінде,
Берлинді басып алу үшін де!

Жаралады самолетті тескен оқ,
Жерге қонды қалай – тіпті есте жоқ.
Жауынгердің оққа ұшып біразы,
Оны тарих жазар енді кестелеп.

Командирі көрді қанға бөккенін!
«Орталық» та бағалады ерлігін!
Қалқан етіп тосқан мықты кеудеге,
Тақты «Қызыл жұлдыз» орденін!

Шыбын жаның тастамаса кеудеңді,
Қырғын соғыс азабына көнген-ді!
Уфадағы госпитальға жатқан соң,
Жарақаттан ұзақ уақыт емделді.

Жеңістен соң судья жолын таңдады,
Бар өмірін әділсотқа арнады!
Отыз жыл «қара қылды қақ жарып»,
Әділ би болып, қызметті атқарды!

Майданда да, еңбекте де қырағы,
Жарқырайды Батыршаев шырағы!
Сексен жаста өтсе-дағы өмірден,
Игі ісі өнеге боп тұрады!

Арқалаған өз халқының сенімін,
Батыр ұлы, мақтанышы елінің!
«Әділ сот болған еді» деп еске алып,
Ардақтайды азаматын ел бүгін!

Жүз жыл бұрын ашқан дүние есігін,
Ұрпақтары ұмытпайды оның ерлігін.
Облсоттың гранит Даңқ тақтасына,
Алтын әріппен жазып қойды есімін!

Қабыл ДҮЙСЕНБИ,
«Тіл жанашыры»
құрмет белгісінің иегері

ПӘРМЕН

СОТТЫҢ ШЕШІМІ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

Тәуелсіз елімізде жеке сот орындаушылар институты үздіксіз әрі кезең-кезеңімен жетілдірілуде. Оның нәтижесін мемлекет мүддесіне қатыстылардан басқа, атқару құжаттарының жеке сот орындаушылар құзыретіне өтуінен көруге болады.

2016 жылы сот орындаушылар қаулыларын электрондық санкциялау және соттардан атқарушылық құжаттарды электрондық форматта алу, борышкерлер мүлкі мен ақшалай қаражатына автоматтандырылған тыйым салу жұмысы іске қосылды. Сот актілерінің орындалуы сот ісін жүргізудің соңғы сатысы болғандықтан, жеке сот орындаушыларға мәжбүрлеп орындату құқығы берілді.

Жеке сот орындаушылар өз міндетін заңға сүйеніп, құзыретіне сай атқарады. Қазіргі таңда жеке сот орындаушысының әрбір құжатты жылдам әрі сапалы орындауы қамтамасыз етілген. Бұл жағдай атқарушылық өндірістің сапасы мен орындалу көрсеткішін жақсартып, жұртшылықтың жеке сот орындаушыларға ғана емес, сонымен қатар, соттарға да сенімін арттыруда. Әр істің оқиғасын зерттеу, сауатты қаулы шығару, білікті жұмыс нәтижесін көрсету басты міндет. Сондықтан, сот актісінің орындалуын қамтамасыз етуде борышкерлердің жұмысқа орналасуына да мүдделілік танытамыз.

Көп жағдайда борышкерлер табыс көздерін көрсетпеуге тырысып, сот шешімінің орындалуына кедергі келтіреді. Мұндай әрекет заңға қайшы, борышкер сот орындаушысы талабы бойынша өзінде бар мүлік туралы ақпарат беруге, сондай-ақ табыс көзі туралы мәліметті хабарлауға міндетті. Бұл «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі» туралы заңның 35-бабымен айқындалған.

Егер өндіріп алушы борышкермен өзара келісіп, атқару өндірісін тоқтату туралы келісімге келсе, оның өзіндік салдары да түсіндіріледі. Жоғарыда аталған заңның 31-бабы іс жүргізуге қабылданған атқарушылық құжатты мәжбүрлеп орындатуға негіз болады. Заң нормасын бұдан әрі нақтыласақ, алдымен атқарушылық құжаттың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шара қабылданады. Соған орай, борышкердің өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғадағы ақшасы мен бағалы қағазын қоса алғанда, мүлкіне, яғни, аталған баппен нақтыланған меншігіндегі барлық мүлкі мен оларды пайдалануды жүзеге асыру әрекетіне тыйым салынып, белгілі бір шектеу қойылады. Қажеттілік туған жағдайда орындауды қамтамасыз етудің бірнеше түрі қолданылуы мүмкін. Бұл заңдылық 32-баптың 4-тармағымен нақтыланған. Мысалы, қамтамасыз етудің бір түрін басқасымен ауыстыру туралы мәселені сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізу тараптарының арызы немесе өз бастамасы бойынша қарайды. Атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру, кейінге қалдыру, мерзімін ұзарту немесе басқасымен ауыстыру олардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде бұрын белгіленген шаралардың күшін жоймайды. 63-баптың 2-бөлігінде көрсетілгендей, мүліктің борышкерге тиесілі екені анықталған соң ғана тізімге енгізіліп, өндіріп алудың мөлшеріне қарай бүкіл мүлікке немесе оның бір бөлігіне тыйым салу қолданылады. Бұдан кейін тыйым салуды қолдану туралы қаулы мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдарға жіберіледі.

Тұрғындарды заң талабынан хабардар етуден жеке сот орындаушылар да тыс қалмайды. Осы себепті, соттың шешімін орындау міндет екені ұдайы түсіндіріледі. Бұл мақсатта ақтөбелік жеке сот орындаушылар халықпен, бұқаралық ақпарат өкілдерімен, мемлекеттік органдармен тығыз байланыс орнатқан. Азаматтармен ашық есік күні өткізіледі. Жергілікті оқу орындарында студенттермен кездесулер ұйымдастырылып, болашақ заңгерлер жеке сот орындаушылардың жұмысымен таныстырылады. Сот актілерінің уақытымен орындалуы қазақстандықтардың болашаққа деген сенімін нығайтары хақ.

Алижан ТУРЕЖАНОВ,
Ақтөбе облысының
жеке сот орындаушысы

КӨЗҚАРАС

Әлемде мамандық көп, соның ішінде адам тағдырына төрелік ететін, ақ пен қараның ара жігін ажырататын судья мамандығының орны ерекше. Өзге мемлекеттер секілді, отандық сот жүйесі мен қазақстандық судьялардың мәртебесі заңмен бекітілген.

СУДЬЯ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның қабылданып, тәжірибеде қолданылып келе жатқанына жиырма жылдан асты. Осы жылдар ішінде талай өзгерістер мен толықтыруларды басынан кешірген пәрменді заңның мақсаты біреу – ол сот жүйесіне деген халықтың сенімін нығайту, судьялардың тәуелсіздігі мен мәртебесін биіктету.

Осы заңның 1-бабында «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады» деп жазылса, 3-бапта «Судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және заң бойынша жауаптылыққа әкеп соғады» деп бекітілген. Осының өзі елдегі әділдік пен тура төреліктің кепілі болып отырған судьяларға үлкен жауаптылықпен қатар, биік міндет жүктелгенін аңғартады.

Судья – құқық қорғау, заң мамандықтарының биік шыңы. Содан болар, заңгерлік білім алған мамандардың көбі тәжірибесін шыңдап, біліктілігін арттырып, кәсіби шеберлігін жетілдірген соң судьялық қызметте өз қолтаңбасын қалдырғысы келеді. Қоғамда судьяларды кез келген адамның тәжірибесі мен тағдырынан жоғары тұрған адамдар деп қабылдау басым. Өйткені судьяға қиын мәселені шешу құқығы берілген. Әлемде қателесуге құқығы жоқ екі мамандықтың бірі дәрігер болса, екіншісі судья дейтініміз сондықтан.

Судья – бүкіл заңгерлік мансаптың шыңы екені рас. Сондықтан, судьялықтан үміткерлерге қойылатын талап та барынша жоғары. Бүгінде қазылық етуден үміткер жандардың заңгерлік білімі, жұмыс өтілі сұралып қоймай, оның мемлекеттік тілді еркін меңгеруі, қоғамдағы мінсіз бейнесі де назарда ұсталады. Заңдарды жетік білетінін дәлелдеген үміткерлер, эссе жазу арқылы өзінің тіл байлығынан, ой қорыта алатынынан хабардар етеді. Сонымен бірге, қазір судьялыққа үміткерлер тізімі Жоғарғы Сот кеңесінің сайтында ашық көрсетіледі. Азаматтар осы үміткерлерге қатысты өз пікірін білдіріп, теріс әрекеттерімен ел ішінде танылған жандардың сот корпусына қосылмауына ықпал ете алады. Яғни, судьяларды таңдауда қарапайым азаматтардың да пікірі ескеріледі. Тек халық өз қолындағы осы мықты механизмді тиімді пайдаланып, сапалы сот корпусының қалыптасуына өз үлесін қосуы маңызды.

Қазір белгілі жоғары оқу орындарының бәрінде дерлік заң факультеті бар. Жылына осы оқу орындарын қаншама түлек бітіреді. Жастардың арасынан мықтыларын іріктеп, сот саласына тарту үшін судьялардың қызметі мен мәртебесін насихаттау бойынша тұрақты жүргізу керек. Бұл үміткерлер арасындағы бәсекені арттырып, тек таңдаулылардың ғана судья болуына көмектеседі. Отандық соттың беделін көтеріп, абыройын арттыратын да осындай өз мамандығын сүйетін, судьялыққа саналы түрде келетін жандар десек қателеспейміз.

Сержан БАЙБОЛОВ,
Жетісу аудандық №2
сотының төрағасы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БІТІМ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕГІ МЕДИАЦИЯ

Әлемнің дамыған отыз озық елінің қатарына қосылуды мақсат еткен Қазақстанда заңдарды ізгілендіру, түрме тұрғындарын азайту бойынша ауқымды жұмыстар жүзеге асырылды. Жаза басқан адамды шетке итермей, түзелуіне, жаңа өмір бастауына мүмкіндік беретін жаңа механизмнің бірі – медиация. Алғашқы кездері тек еңбек даулары мен азаматтық істерді тиімді шешу үшін қолданылған медиацияның бүгінде аясы кең. Татуластыру тәсілдері енді қылмыстық істерде де, жария-құқықтық дауларда да кедергісіз қолданылады.

Президент «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында: «Расында, адам құқығын басты орынға қоятын, мемлекеттің басты қазынасы адам деп бағалайтын дамыған елдердің барлығында медиация институты бар. Және медиативтік келісімнің тиімділігіне бұл ел азаматтарының әлдеқашан көзі жеткен» деп өркениетті елдерде қалыпты өлшемге айналған медиацияны Қазақстанда да жетілдіру керектігіне назар аударды. Осылайша Қылмыстық кодекстің 68-бабында қылмыстық істерде медиациялық мәмілеге келудің тәртібі жасалды. Дегенмен, қылмыстың барлық түрі бойынша тараптардың мәмілеге келуіне жол берілмейді. Егер жәбірленушінің келісімін алып, залалды төлегеннің бәрі медиацияның көмегімен жазадан тыс қалса, елдің әділдікке деген сенімі төмендейді. Жаза елдегі құқықтық әділдікті қалпына келтірудің тетігі. Осыны ескере отырып, медиация тек қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адамға қолданылады. Онда да мұндай жеңілдікке ие болу үшін айыпты жәбірленушімен немесе арыз берушімен татуласып, оның ішінде медиация тәртібімен татуласып, өз ісіне шын өкінуі, қатесін мойындауы тиіс. Осындай жағдайда ғана айыпты қылмыстық жауаптылықтан босатылады. Бұл жерде айыпты азаматтың жәбірленушінің кешірімін алып, келтірілген зиянды қалпына келтіруі басты аргумент болып саналады.

Десек те, заңдық тұрғыдан да, жауаптылық жағынан да тиімді болғанымен, азаматтардың көбі медиациялық келісімді таңдай қоймайды. Сондықтан, қылмыстық медиацияның мәнін, маңызын азаматтарға жан-жақты түсіндіру керек.

Осы жағдайларды ескере отырып судьялар дауларды реттеудің баламалы жаңа түрлерін қолдану, тараптарды мәмілеге келтіру арқылы қоғамдағы дауласушылықтың деңгейін төмендетуге үлес қосуда. Сонымен бірге, медиативтік келісімдер жасауға жол көрсеткен судьялар елдегі бірлік пен ынтымақтың сақталуын қамтамасыз етуде.

Г.ШАЛАБАЕВА,
Алматы қаласы қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының бас маманы

ҚОРЫТЫНДЫ

«ЖЫЛ ҮЗДІГІ - 2023»

Жәнібек аудандық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталықтың, «Ақбастау» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданы бойынша жастар сыйлығын табыстау байқауының қорытынды кеші өтті. Оған аудан әкімдігі қолдау көрсетті.

Аудан көлемінде мемлекеттік жастар саясатының дамуына үлесін қосып, өңіріміздің шығармашылық, спорт және қоғамдық қызмет салаларында жемісті еңбегімен көзге түскен жүйріктер аз емес. Жастардың қоғамдық-саяси, мәдени, экономикалық саладағы белсенділігін арттыру мақсатын көздеген байқауда он бір аталым бойынша кіл үздіктер бағын сынады.

Арнайы құрылған комиссияның шешімімен Жәнібек ауданы Тау ауылдық округінің полиция инспекторы, аға лейтенант Қазбек Аманкелдіұлы Иматов «Үздік жас полиция қызметкері» аталымын жеңіп алды. Аймақты жақсы жағынан танытқан үздік полицейге аудан әкімі Т.Шиниязов арнайы диплом, сыйлық табыс етті.

Меңдігүл ФАЗЫЛОВА,
Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің
Жәнібек аудандық музей бөлімінің меңгерушісі

ТАҒЫЛЫМ

ҰСТАЗ МҰРАСЫ

Заң саласына өз қолтаңбасын қалдырған тұлғалар көп-ақ. Солардың бірі ғалым Гүлнар Үсеинова.

1989 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін аяқтаған сәттен бастап, бар уақытын құқық саласына, ғылымға арнап, азаматтар құқығының өз дәрежесінде қорғалуына атсалысып келеді. Ұстазымыз мемлекет және құқық теориясы, XIX–XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ зиялылары өкілдерінің мемлекеттік-құқықтық көзқарастары, қазақ халқының дәстүрлі қоғамының жекелеген құқықтарының пайда болуы мен дамуы, ғалымдардың халыққа қалдырған көне мұрасы және заң ғылымы аясындағы келелі мәселелерді зерттеумен айналысып келе жатыр.

Ғылыми зерттеулерінің алғашқысы Шоқан Уәлихановтың мемлекеттік-құқықтық көзқарастарына арналды. Осы тақырып бойынша зерттеуін аяқтап, 1996 жылы заң ғылымының кандидаты дәрежесін алды. Алаш жұртына ойып тұрып ізін қалдырған Әлихан Бөкейхановтың мемлекеттік-құқықтық көзқарасы докторлық диссертациясына арқау болды. Ғалымның ғылыми еңбектерінен Ресей мен Қазақстан ойшылдарының мемлекеттік-құқықтық ілімдерімен танысуға болады. Ә.Бөкейхановтың озық идеясы, Қазақстанда демократия мен парламентаризм идеяларын қалыптастыру мен дамытудағы рөлі Гүлнар Рахимжанқызы арқылы айқындалды.

Бұл ғалымның ұрпаққа қалдырған еңбегінің бір парасы ғана. Зерттеу жұмысының өзектілігін саралай келе, оларды дәріптеу біздің парызымыз.

Ақмарал СМАНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.к.

ПАРЫЗ

ӨЗ ТІЛІҢДІ ҚҰРМЕТТЕ!

Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл –халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы.

Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданыста болғанымен, мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдардың жұмыс және іс қағазын жүргізу тілі болып табылатынын ұмытпауымыз абзал.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» – деп ақын Қадыр Мырза Әлінің сөзі айқындап тұрғандай, алдымен ана тіліне деген үлкен құрметтің қалыптасуы маңызды. Өз тіліңді сыйламай, түп-тамырыңды білмей, басқаны бағындырам деу – бекершілік.

Айдана КАРИМОЛДАЕВА,
Ақтөбе қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты кеңсесінің бас маманы

ЖАРНАМА

ҚЫСҚЫ КЕЗЕҢДЕ ТАУЛЫ ӨЗЕНДЕРДЕГІ МҰЗ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

Қысқы кезеңнің басталуына байланысты таулы аймақтарда температуралық фонның айтарлықтай төмендеуі байқалуы мүмкін, бұл Шымкент қаласы аймағындағы Бадам, Сайрам-су және Түркістан облысы бойынша Жігіргенсай, Келес, Өгем, Қаржансай, Ақсу, Бадам, Балдыберек, Сайрам-су, Қасқасу, Сарыайғыр, Доңғызтау, Арыс, Жабағылы-су, Машат-су өзендері арналарында мұз құбылыстарының пайда болуына және күшеюіне әкеледі.

Мұз құбылыстары – жыл бойында суқоймаларда мұздың пайда болу және еру фазалары. Оған теңіз, өзен, көл, бөген бетінде мұздың пайда болуы, бүкіл айдында мұздың бекуі, мұздың (қабыршақ мұздың, түпкі мұздың, беткі мұздың, жиек мұздың) бұзылуы және еріп жойылуы жатады.

Мұз құбылыстарының күшеюі өзен арналарында бітелулер мен мұз кептелістердің пайда болуына, соның салдарынан мұзды су тасқындары мен сел тасқындарының қалыптасуына, судың жайылмаға шығуымен және жақын маңдағы тұрғын үйлер мен аумақтарды су басумен, көпір өткелдерінің, автожолдардың және қауіпті аймақта орналасқан басқа да нысандардың қирауымен байланысты төтенше жағдайдың туындауына әкеп соғуы мүмкін.

Тұрғын үйлер мен елді мекендердің аумақтарын мұзды су тасқындарының басуы мен қауіп-қатерінің туындауын болдырмау үшін, қолданыстағы құбыр өткелдерін, су ағызу арықтары мен каналдарын мұздан, қардан, қысқы және тұрмыстық қоқыстардан тазарту жөніндегі жұмыстарды ұдайы жүргізу, өзен арналарында мұз кептелістері мен бітелулердің пайда болуына жол бермеу, оларды уақытылы тазарту және қысқы кезеңде қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет!

Н. ШОЖИКОВА,
ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ
ОАПТБ филиалы КҚМжҚБ басшысы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласының білім беру бөлімінің № 41 «Ақ тілек» бөбекжайы МКҚК азаматтық қызметшінің бос лауазымына конкурс жариялайды:

Тәрбиеші – 1 бірлік (негізгі қызметкердің декреттік орнына)
Мемлекеттік сатып алу менеджері - 0,5 бірлік (тұрақты)
Конкурсқа қойылатын талаптар:
Тәрбиеші – Мамандық бойынша (жоғарғы педагогикалық білімі болуы керек).
Мемлекеттік сатып алу менеджері – (жоғарғы техникалық немесе техникалық және кәсіптік).
Білуге тиіс:
Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдары және Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілері;
мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұны мен құрылымы;
педагогикалық этиканың нормалары;
психология және педагогика, дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелері, санитариялық ережелер;
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру жөніндегі нормативтік-құқықтық құжаттар;
еңбек заңнамасының негіздері, ішкі еңбек тәртібінің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

Қажетті құжаттар:
1) өтініш;
2) жеке басты куәландыратын құжаты не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаттың көшірмесі (сәйкестендіру үшін);
3) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы және фото;
4) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың көшірмесі;
5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
8) наркологиялық ұйымнан анықтама;
9) біліктілік тестілеу сертификаты (бар болса);
10) түйіндеме;
11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 7495 болып тіркелген) Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтарын лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларының 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі.

Конкурсқа қатысушылардың құжаттары хабарландыру шыққаннан кейін 5 жұмыс күннің ішінде мына мекенжайға тапсырылуы тиіс: БҚО, Құрманғалиев көшесі, 3/2 үй, Анықтама алу үшін байланыс тел: 8(7112)53-12-51.

ТАРАТУ

2. «Грэтта» ЖШС, БСН 221040012556, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланғаннан кейін 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ұлытау көшесі, 28 үй, 1 пәтер, Тел.: +77055443299

3. «ALIMAR KZ» ЖШС, БСН 140140010226, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланғаннан кейін 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, 4 ықшамаудан, 14 үй, 26 пәтер.

4. «KPP SAPRO» ЖШС (БСН 230840026386) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Ерденбек Ниетқалиев көшесі, 128В ғимарат.

5. «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі әдістемелік кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі КММ (БСН 230440042195) өзінің таратылуы жайлы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Степняк қаласы, Біржан сал көшесі, 76 құрылым мекенжайы бойынша қабылданады.

6. «Food Land Company» ЖШС (БСН 130940024223) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Куприн көшесі, 1а үй.

7. «Қозмолдақ» қоғамдық қайырымдылық қоры» ұйымы, БСН 211240005777 (Қазақстан, Түркістан обл., Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі, Қозмолдақ ауылы, Қален Тоқмұханбетов көшесі, 33 үй, индексі 161007), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан обл., Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі, Қозмолдақ ауылы, Қ.Рүстемов көшесі, 12 үй. Тел.: 87025365582.

8. «АҚ-НҰР» АӨК, өндірістік кооперативі, БСН 170240029632, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланғаннан кейін 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Үлкен Шаған ауылдық округі, Қырыққұдық ауылы, Юлдашев көшесі, 35 үй, пошта индексі 041313, тел. 87770565579.

9. «Door to Success» ЖШС, БСН 170940018751, таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланғаннан кейін 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 273/4, 209 пәтер, тел. 87086933789.

19. «AllTabys» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 180340030834, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланғаннан кейін 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Зашаған кенті, Жәңгір хан көшесі, 57/1 үй, пәтер (кеңсе) 7.

20. «СтройПроектСервис» ЖШС, БСН 030740006722, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланғаннан кейін 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Райымбек көшесі, 212А үй. Тел.: 87072278710.

21. «AzA & contracts» ЖШС, БСН 170440023849, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланғаннан кейін 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, 050010, Медеу ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 45 үй. Тел.: 87762520666.

22. «НС Стандарт» ЖШС, БСН 190940002679 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланғаннан кейін 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, Байтұрсынов көшесі, 105 үй, каб. 1.

23. «Сұлу-бұлақ» селолық тұтыну кооперативі, БСН 131040003528, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 160533, ОҚО, Мақтарал ауданы, Асықата кенті, Әбдіров көшесі, 60 үй.

24. «AiNa Business Group» ЖШС, БСН 180240007396, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, М. Өтемісұлы көшесі, 114А үй, 35 кеңсе, Тел.: 87025869911.

25. «ZILLION-T» ЖШС, БСН 200940002456, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланғаннан кейін 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Құлсары қаласы, Атырау ы/а, 404 көше, 83 үй, Тел.: 87011451444.

26. «Nurai-education» ЖШС, БСН 231140033059, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Атырау қаласы, «Алмагүл» ы/а, 24 үй, Тел.: 87013874705.

34. «Diamond Resurs» ЖШС (БСН 200140029260) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланғаннан кейін 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Егізбаев көшесі, 54Б үй, 36 кеңсе, тел.: 87077564228.

ӘРТҮРЛІ

10. «Ломбард Медеу» ЖШС, БСН 110540007374, мекенжайы: Түркістан облысы, Тәуке хан даңғылы, 288, құрылтайшы Мурханова Нархан Джаппаровнаның құрылтайшылардың құрамынан шығуына байланысты жарғылық капиталдың 70 000 000 (жетпіс миллион) теңгеге азайғаны туралы хабарлайды.

18. «Коммеск-Өмір» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы «Коммеск-Өмір» ӨСК» АҚ Астана қаласындағы филиалының заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлайды. Жаңа мекенжайы: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 6/1, «Каскад», 7 қабат, каб.73.

27. «Vision Energy Services» (Визион Энерджи Сервисез) ЖШС, БСН 080240022854, өзінің жарғылық капиталы төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» бизнес орталығы, 14-қабат.

28. Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотында ҚР, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 10 үй, 69 пәтердің тұрғыны Байназарова Гүлнұр Тұрсынқызының ҚР, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 10 үй, 69 пәтердің тұрғыны болған Мусаев Тойшыбек Тулеутаевичті, ЖСН 680805350309 (жұмыссыз) қайтыс болған деп тану туралы талап арызы бойынша азаматтық іс қаралып жатыр. Азаматтың жүрген жері туралы мәліметі бар жандардың үш ай мерзім ішінде сотқа хабарласуын сұраймыз. Тел.: +77083903277, +77023325702.

30. «Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімінің әдістемелік кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 080640013816, «Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. БСН 060140008247. Талаптар мына мекенжай бойынша қабылданады. Ақмола облысы, Сандықтау ауданы, Балкашино ауылы, Абылай хан көшесі, 120 үй. Тел.: 87164092937.

35. «Nurorda» мектеп-лицей» мекемесі, БСН 070740012675, жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен (4 140 000 теңге) аспауы керек. Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 87172695037, 87172695058.

16. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі

Су шаруашылығы комитеті Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Бас директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

(мекенжайы: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8/2, эл. поштасы: kense@qazsu.kz, сайт: qazsu.kz, телефон: +7 (7172) 72-52-70 (117))

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Келесі мамандықтар бойынша жоғары білімінің болуы: «су ресурстары және су пайдалану», «мелиорация», «рекультивация және жерді қорғау», «гидрология», «су шаруашылығы», «гидрометеорология», «құрылыс», «гидротехникалық құрылыс және құрылысжай», «гидромелиорация», «гидрогеология және инженерлік геология», «ауыл шаруашылығы құрылысы», «өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс», «сумен жабдықтау және кәріздендіру», экономика, бизнес және басқару және кәсіпорын бейініне сәйкес қызмет саласындағы басшы лауазымдардағы мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.

Функционалдық міндеттері: Заңнамаға сәйкес кәсіпорынның өндірістік, қаржылық-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, кадрлық және қаржылық мәселелерді шешеді, кәсіпорынның су шаруашылығы құрылысжайларының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді, кәсіпорынның жоспарлы көрсеткіштерін бақылайды және орындайды. Халықтың және экономика салаларының қажеттіліктеріне сәйкес айқындалатын кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін дамытудың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарды дайындау және мемлекеттік басқару органына енгізу. Кәсіпорын объектілерін салуға және реконструкциялауға, оларды басқаруды жетілдіруге бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысу. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
4) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттар;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген «Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» № 075/е нысаны бойынша анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде мына мекенжай бойынша ұсынылуы тиіс:

Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 13 подъезд, 401 кабинет, анықтама телефоны: 87172 74 11 39 немесе эл. мекенжайы: zh.orazalieva@minsu.gov.kz.

Конкурстың өтетін күні мен орны: Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 70 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларына» сәйкес өткізіледі.

Конкурс Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты мекенжайы бойынша Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімін бекіткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде өткізіледі. (ZOOM қосымшасы арқылы қашықтағы бейнебайланыс арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін).

Баспасөз – 2024

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»**, **«Заң»**, **«Фемида»** басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ **«Заң газеті»**
жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

36. Бастамашыл топтың жиналысты шақыру туралы хабарламасы

Көппәтерлі тұрғын үйдің орналасқан жері: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 223 үй.

Пәтер, тұрғын емес үй-жайлар иелерінің 45 (қырық бес) санындағы бастамашыл топ көппәтерлі тұрғын үйдің пәтер, тұрғын емес үй-жайлары иелерінің жиналысын шақыруға бастамашылық жасайды.

Күн тәртібі:

1. Мүліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасын сайлау;
2. Үй кеңесінің мүшелерін сайлау;
3. Ревизиялық комиссияны сайлау;
4. Мүліктің меншік иелері бірлестігінің атауын өзгерту және оның жарғысын жаңа редакцияда бекіту;
5. Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың жылдық сметасын және кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың мөлшерін бекіту;
6. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге ақша жинақтау үшін Тұрғын үй қатынастары туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94 заңында көзделген жарналардың мөлшерінен асатын жарналардың мөлшерін бекіту;
7. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу;
8. Сервистік қызмет субъектісін конкурстық негізде таңдау;
9. Кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі қызмет нәтижелерін тексеру бойынша аудиторлық қызметтер көрсету туралы шарт жасасу;
10. Орынтұрақ орнын, қойманы күтіп-ұстау үшін ақы төлеу мөлшерін бекіту.

Жиналысты өткізу орны, уақыты және күні: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 223 үй, «Алма-Ата» сауда ойын-сауық кешені, 2-қабат, 20 сағат 00 минут, 19 желтоқсан 2023 жыл.

Жиналысты өткізу нысаны: келу тәртібімен өткізілетін ашық ерік білдіру жолымен. Тел.: +77013171174.

МҰРАГЕРЛІК

11. 16 маусым 2023 жылы қайтыс болған Исланбек Асылбектің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А.Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

12. 4 маусым 2023 жылы қайтыс болған Мырзахметова Гулбану Аманбаевнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А.Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

13. 19 маусым 2023 жылы қайтыс болған Фазылов Бағдат Арғынбайұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А.Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

14. 10 маусым 2023 жылы қайтыс болған Ауезханова Калтайдың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А.Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

15. 1 шілде 2023 жылы қайтыс болған Өтебаева Мәдина Қыдырқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А.Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

31. 12.07.2023 жылы қайтыс болған Алиев Нурлан Колбаевичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері нотариус А.М. Абдоллеваға келуі керек. Мекенжайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Б.Момышұлы көшесі, 4/1 үй, кеңсе 7.

32. 14.09.2023 жылы қайтыс болған Жаунбаев Аблай Маратұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А.Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

33. 23.04.2020 жылы қайтыс болған Бекжанова Қадишаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А.Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73
www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11,
8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.»,
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ХАС СҰЛУДЫҢ ЖАЗЫҒЫ НЕ?



(Жалғасы. Басы №92 санда)

– Ағай, Құралайға не болды? – деген Жадыраның дауысы ойымды бөлді.

– Жадыра, өкінішке қарай біз Құралайдың өлі денесін таптық, – деді бағанадан бері есіктің көзінде тұрған Ораз.

Жадырадан бұрын үйдің иесі шошып баж ете қалды. Ол Ораздың артында тұр екен. Жадыра естігеніне сенбей мелшиіп тұрып қалып еді, үй иесі қасына жетіп барды.

– Жако, Жако саған не болды? – деді иығынан ұстап.

Жадыра сұп-сұр болып төсекке отыра қалды.

– Өлі денесі қалай? Қай жерден таптыңыздар? – деді үйдің иесі.

– Жадыра, сіз сөйлей аласыз ба? – дедім. Ол ақырын басын изеді. Қарсы төсекке отырдым да Жадыраға мұқият қарадым. Жадыра өте арық, келте шашты, жағы шығыңқы, кең маңдайлы, үлкен шұңқыр көзді, мұрны пұшық келген, шошақ ерінді сары қыз. Сұрланып қанын ішіне тартып демалмай отырған сияқты, сәл дірілдейтіндей.

– Жадыра, мені естіп отырсыз ба? – дедім сәл дауысымды шығарып.

Ол ойлы көзбен маған түк түсінбеген кейіппен қарады да:

– Құралай екеніне сенімдісіздер ме? – деп орнынан ұшып тұрып, Құралайдың жастығының астын бір көтеріп, сосын көрпесін аударып жіберіп матрас астынан бірдеңе тапты ма, сәл кідіріп тұрды да, жылдам бұрылып:

– Міне, құжаты осында, оны қалай таныдыңыздар? – деп жеке куәлігін ұсынды.

Көзінде бір үміт бар. Мен куәлікті алып оқыдым да:

– Жадыра отырыңыз, сізге қояр сұрақтарымыз бар, сізге де қоямыз, – дедім үй иесіне қарап.

– Жақсы, жақсы, – деп ол да мұңды жасаураған көзімен қарап төсекке отырды.

Жадыра ақырындап төсектің шетіне дәрменсіз күйде сылқ ете қалды. Басы салбырап, кеудесі селкілдеп жылап жіберді.

– Суды қайдан алуға болады? – деді Ораз. Үй иесі шкафтың қасын меңзеді, енді байқадым, газ тұрған тумбочка мен жозының арасында шағын шелек бар екен. Әйел өзі тұрып, шкафты ашып, кесе шығарып, су алып Жадыраға берді. Жадыра тістері сақылдап отырып, аз ішті де кесені қайтарды.

– Жадыра, сіз сәл өз-өзіңізге келіп алыңыз, сізге сұрақ, – дедім әйелге қарап, ол басын изеді.

– Сіз Құралайды соңғы рет қашан көрдіңіз?

– Сол, сенбі күні таңертең кетті, содан келмеді. Екі қыз бірге шығып кетті, сенбі кешке келмеді, жексенбі Жадыра келді, Құралай жоқ. Жексенбі тағы жоқ, дүйсенбі тағы келмеді. Бүгін бір қыз звондап Құралайды сұрады, оның үйге келмей жүргенін айттым. Сосын Жадыра жұмыстан келді, оның алдынан шығып Құралайды сұрадым. Ол білмеймін бүгін келіп қалар деді, – деп Жадыраға қарады.

Жадыра басын изеп растап отыр.

– Сіз әрдайым үйдесіз бе?

– Иә, үйде отырам, денсаулығым нашар, жұмысқа жарамаймын, – деді аянышты дауыспен.

– Жадыра, сізге Құралай таныстары туралы айтты ма?

– Таныстары.... Жұмысындағы қыздар тұралы жиі айтатын. Басқа жаңа таныс таптым дегенін естімеппін.

– Айтыңызшы, Құралай жігіт ертіп келіп, болмаса оны жігіт шығарып салған кез болды ма? – дедім үйдің иесіне қарап.

– Ой, жоқ, міне екі жыл, тек жұмыс, үй. Ешқайда шықпайды, сегіз болмай ерте кетеді, 10-11-лерде кеш келеді, – деп тағы Жадыраға қарады.

– Жадыра, Құралай сізден сыр жасыруы мүмкін бе?

– Сыр кімде болса да бар ғой. Оның үстіне, біз бірге тұрғанмен, бір-бірімізге ашыла бермейтінбіз, – деді астыңғы ернін тістеп.

– Сіздер РОВД-ға баруларыңыз керек, – деп орнымнан тұрдым.

– Ағай, Құралай екенін қайдан анықтадыңыздар? – деді әлі естігеніне сенбеген көзқараспен.

– Біз рейдерге фото суретін салған едік, теледидардан құрбысы Дәмелі көріп, танып хабарласты,– дегенде Жадыра:

– Дәмелі...– деп талып түсті.

Жұмыс орнына келіп, опер жігіттерді Құралайдың жұмысына жібердім. «Кіммен болды? Қаскөй кім?» деп ойлаумен болдым. Жадыра мен пәтер иесі келіп, өз көрген білгендерін айтып, қағазға жазып, қол қойып кетті. Опер жігіттер де тез оралды.

– Ереке, ешқандай да із таппадық, керемет қыз, мықты мастер, ақылды, пысық, достары жоқ, қылтың-сылтыңсыз, соңғы күндері де жаңа таныс, анау-мынау болмаған.

– Иә, қанішерді табу оңайға түспейтін көрінеді. Іліп алар түк жоқ, – дедім.

* * *

Құралайдың туыстары келіп, танып, денесін жерлеуге алып кетті. Келген туыстарымен де сөйлестім, олар да Құралайдың өжет, адал, шыншыл, еңбекқор, мейірімді адам екенін айтты. Айына бір рет ақша салып, қамқор болып жүргенін жеткізді.

– Балам, сендер ол жауызды табасыңдар, менің ішім сезеді, қызым бостан-босқа құрбан болды. Ол ешкімнің ала жібін аттаған емес, – деп анасы егіліп жылап, қолымнан ұстады.

– Біз іздестіріп жатырмыз, уайымдамаңыз табамыз, – дедім. Бірақ өз сөзіме өзім сенбедім. «Бұл қалай, қылмыс осылай шешілмеген күйі қала ма?» – деп ішім күйеді, титтей бірдеңе табылса ғой, шет жағасы шықса ғой. Құралайдың ісіне қайта үңіліп, әр парағын мұқият оқып отырмын, лабораториядан алынған парақты тесіліп қайта оқыдым.

«Ауыз қуысынан, тіс арасынан алынған қан сараптамасы, ДНК нәтижесі бойынша: «Құралайдікі емес»,– деп жазылыпты, ұшып тұрып, зертханаға бардым.

Зертханадағы маман ойланып отырып:

– Аузында, тіс арасында қан болды, анықтадық, мәйіттікі емес. Қыз біреудің денесін тістеген тәрізді, ол бет, қол, аяқ болуы мүмкін, бетінде аздап соққының ізі бар, сол мезетте ұрып жіберген, – деді қабағын көтеріп.

– Сонда қыздың аузындағы қан мөлшеріне қарағанда, жарақат терең салынғаны ғой.

– Әлбетте,

– Жақсы, жақсы. Яғни, қаскөйде жарақат бар.

– Әрине, әлі жазыла қоймады! – деп саусағын шошайтты.

– Сол жара жазылып кетпей тұрғанда тапсақ қой.

– Егер пластик жасатып әдемілетіп жасырмаса, жазылса да тыртық қалуы керек, – деді маман сәл көзін қысыңқырап.

– Ол пластик жасата қоймас, – дедім де қош айтысып шығып кеттім.

«Қаскөйдің бір жері тістелген, қолы болмаса беті. Енді тағы Құралайдың таныстарын іздеуім керек. Жұмысына барайын, қыздармен өзім сөйлесейін», – деп шештім де, Құралайдың жұмысына бардым. Жігіттер сұрақтарына жауап алса да, бірдеңені жіберіп алған болар деп те ойладым.

Шағын көше қиылысында орналасқан шаштараз екен, екі үлкен айна креслолармен, бөлек стол креслосымен тұр. Жас қыз тырнақ жасап отыр, бұрышта үлкен шкаф. Бөлменің бұрышы пердемен бөлінген.

– Сәлеметсіз бе, шаш кестіресіз бе? – деп перде артынан ұзын бойлы арық қыз шықты.

Мен құжатымды көрсетіп, Құралайдың ісімен айналысып жүрген тергеуші екенімді айттым. Қайта сұрақ қою, жауап алу басталып кетті. Екі қыз кезек-кезек Құралайдың керемет қыз болғанын, қамқоршы, пысық екенін айтты, бөтен досы жоқ, жігіті де болмаған деді.

«Иә, жаңа ештеңе қосылмады», – дедім ішімнен.

– Айтыңызшы, жұмыстарыңызда ренжіп кеткендер болмады ма? Оған мен сенбеймін, – дедім, мүмкін келушілердің бірі болар деген күдікпен.

Өзін Алуа деп таныстырған шаштараз қыз аз ойланып отырып:

– Әрине, кикілжіндер болады, бірақ біз ұрсысып бет жыртыспаймыз, азар болса ақшасын төлемей шығып кетеді, – деді Алуа иығын көтеріп.

– Клиент всегда прав, деген ғой, – дедім.

– Солай, – деп Алуа ойланып отырды да:

– Құралайдың өзі келушілердің тез тілін табады, оның қасында мен кейде ұрсысып қаламын, – деді тілін шығарып.

– Өткендееее, осыдан бір ай бұрын Құралай да бір келушімен жаман ұрсысқан, – деді тырнақ жасап отырған қыз. Аты Сәбира екен.

– Қашан? – деді Алуа.

– Сол жағдайды нақтырақ айтсаңыз, – дедім бетіне қарап.

– Алуа, сен ол күні болмадың, – деді Сәбира Алуаға қарап.

– Айтыңыз, асықпай ештеңені қалт жібермей айтсаңыз жақсы болар еді, – дедім бар ынтамды қойып.

– Үш жігіт кірген, бір-бірімен қатты қалжыңдасып, жөнсіз кекетіп отырды. Екеуі шашын алғызды. Шаш алып болғанша Құралайға біресе былай ал, біресе сыпырып таста,– деп мазасын алды.

Үшінші жігіт отырғанда Құралай шашын ұстап көріп, басын жууын өтінді.

Жігіт:

– Ала берші, сосын жуам, – деді.

Құралай:

– Кешіріңіз, басыңыз қатты кір екен, машинкамды кір шаш бүлдіреді, – деп еді, қасындағы екі досы күлкілерін тыймай, мазақтай бастады.

– Құрмаш, шаш алғызам деп машинка төлеп жүрме.

– Мәәә, шашың сонда қаншалықты кір? – деп қарқ-қарқ күлді.

Құралай шашты алмай клиенттің басын жууын тосып тұрған. Ана Құрмаш деген:

– Ей, не тұрсың? Ал шашты, – деп бақырып жіберді.

– Неге бақырасыз? Басыңызды жумайынша мен алмаймын, шынымен басыңызда құм, топырақ сіресіп тұр, – деді Құралай.

Анау екі досы тіпті күлкіден іштерін ұстап, құлауға аз қалды.

Құралай оларға қарап:

– Неменеге күлесіңдер? Бұл жерде күлкілі не бар? – деді.

Екеуі бәрібір күлкілерін тыя алмаған бойы сыртқа шығып кетті.

Шаш алдырғалы отырған жігіт:

– Сен аласың ба, жоқ па? – деді түрі сұрланып, көзі қанталап.

– Басыңызды жумасаңыз алмаймын, – деді Құралай да тіктене қарап. Жігіт орнынан ұшып тұрып:

– Сен мені аналардың алдында күлкі қылдың, – деді тістене Құралайға жақындап.

– Күлкіге қалдыратындай мен ештеңе артық айтпадым. Басыңыз кір екені рас, – деп еді.

– Ей, кір емес, мен күнде жуам, – деді тіпті тесіліп.

Құралай да ашулы дауыспен:

– Арасы толған құм, лай, маған не істе дейсің? Не екі минуттық бас жуғанға ерініп тұрсың ба? – деді.

– Мен құрылыста жұмыс жасаймын, ойнап жүргенім жоқ, – деп Құралайдың иығынан ұстай бергенде, Құралай сілкініп қалды, мен де орнымнан ұшып тұрдым. Менің алдымда тырнағын жасатып отырған үлкен кісі:

– Әй, сен не ұрмақшысың ба? Мынаны қара? Қазір мен полиция шақыртам, – деді.

Құралай оны жеңінен тартып есік жаққа итеріп жіберді де:

– Бар, құры! Әкіреңдейді ғой маған, еңкілдемей жоғал! – деді.

Жігіт сұп-сұр болып қанын ішіне тартып, жаман көзімен Құралайға тесіле қарап, сәл тұрды.

– Мен полиция шақырдым, – деп телефон тұтқасын апай көтере бергенде, жігіт шығып кетті.

Болды, Құралай біраз ашуланып, әрең өз-өзіне келді.

– Достары не деген жаман! Жөні жоқ жырқылдап, мына жігіттің намысына тиді, – деп те айтты. Жалғыз Құрмашқа емес, қасындағы екі жігітке де ашуы келгенін жасыра алмай.

Содан кейін Құрмаш деген келмеді. Құрмаш деген есімі есімде қалыпты, сирек есім ғой, «Көксеректегі» Құрмаш есіме түсіп, ұмытпағам. Басқа ондай жағдай болмады, – деп Сәбира сөзін аяқтады.

– Сабира, рақмет сізге, – деп аз ойланып:

– Сіз ол жігіттің фото роботын салуға көмектесесіз бе? – дедім.

– Мен суретшімін, қазір салып берем, – деп парақ алып, сәл ойланып отырып, сыза бастады.

Қуанышымда шек жоқ, «бұл сол, сол болу керек», – деп ойладым.

Сабира әдемілеп сол жігіттің (Құрмаштың) фото роботын емес картинасын салып берді. Алғысымды жаудырып, шықтым.

Керемет! Қатты қуандым, енді тез РОВД-ға тарттым. Ойым: «Жақын маңдағы құрылыс болып жатқан жерлерді тексеру, ең бастысы тістелген ізі бар адамды табу».

Жігіттерді жинап суретті көрсетіп, сол аудандағы құрылыс болып жатқан жерді қалт жібермей тексерулерін өтіндім. Суретті көбейтіп, бәрі үлестіріп алып, шығып кетті. Тәулік өтті таппадық. Апта өтті жоқ, ай өтті жоқ. Тіміскілеп тексермеген жеріміз жоқ. Суретін «іздеу саламыз» – деп барша жерге іліп, теледидардан көрсетіп жатырмыз. Алты айдан асты. Бастығым шақырды:

– Ерлан, не болды, Құралайдың өлімі ашыла ма, жоқ па? – деді.

– Іздеп жатырмыз, басеке. Алматы – үлкен қала, құрылыс көп, сол жігітті тапсақ шешіледі, – дедім.

– Неге сол құрылысшыға жабысып қалдың?

– Басеке, ішкі түйсік.

Жеңісгүл ТУРСУНБАЕВА

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5545 дана
Апталық таралым 11 090 дана

Тапсырыс №185 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31